



Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 сәуір N 384. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.07. N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау

министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің құрылымы;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 24 сәуірдегі

N 384 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау

комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтауға деген конституциялық құқығын қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ынталандыру

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті (бұдан әрі - Комитет) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруыш мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі құзыретінің шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді жүзеге асырады, халыққа дәрілік көмек көрсетуді, оның санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуді және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді ұйымдастырады.

3. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Комитет аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігін ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитеттің құрылымын, құзыретін, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен өзара іс-қимылын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады және оның банктерде

шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

7. Комитеттің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдерін барлық ведомстволық бағыныстағы органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың орындауы міндетті.

II. Қызметінің басымдықтары

8. Азаматтардың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру

9. Денсаулық сақтау жүйесін реформалау

10. Азаматтарға дәрілік көмек көрсетуді ұйымдастыру және медициналық мекемелерді жабдықтармен қамтамасыз ету

11. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету

III. Комитеттің міндеттері, функциялары мен құқықтары

12. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында бірынғай мемлекеттік саясатты өзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, азаматтарға дәрілік көмек көрсетуді ұйымдастыру;

салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту жөнінде ұсыныстар өзірлеу, медициналық және фармацевтикалық ғылымды жетілдіру, денсаулық сақтау кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

13. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды орындауды:

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік және нысаналы кешенді бағдарламаларды, денсаулық сақтау саласының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларын өзірлеуге қатысады және оларды іске асыру мен орындалу барысын бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

мемлекеттік денсаулық сақтау бюджетін жасауға қатысады, республикалық денсаулық сақтау мекемелері мен ұйымдарын қаржыландыруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын

қалыптастыру жөнінде ұсынысты табыс етеді;

денсаулық сақтау реформалаудың негізгі бағыттарын әзірлейді, олардың іске асырылуы мен орындалуын бақылау шараларын жүзеге асырады, медициналық ғылымның басым бағыттарын дамытуды қамтамасыз етеді, денсаулық сақтау практикасына ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін енгізуі үйимдастырады;

ведомстволық медициналық-санитарлық қызметтерге, республикалық медициналық, оку, ғылыми және ғылыми-зерттеу денсаулық сақтау үйимдарына басшылықты жүзеге асырады және қызметін үйлестіреді.

Денсаулық сақтау объектілерін жекешелендірудің үкіметтік бағдарламаларын дайындауға қатысады;

Осы Ережеде белгіленген өкілеттіктердің шегінде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан аумақтық денсаулық сақтау органдары мен үйимдарының қызметін үйлестіруді және бақылау жасауды жүзеге асырады;

азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында қоғамдық үйимдармен және бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек үйимдастыруды және көрсетуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен сот-медициналық және сот-психиатриялық сараптауға басшылықты және оны үйимдастыруды жүзеге асырады;

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында зандардың қолданылу практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

денсаулық сақтау мамандарына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеуге қатысады, медицина және фармацевтика кадрларын даярлау мен қайта даярлауды үйимдастырады, денсаулық сақтау қызметкерлерін белгіленген тәртіппен аттестациялауды жүзеге асырады, денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мен оларға енбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

лицензиялау зандармен Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялар беруді үйимдастырады және жүзеге асырады, өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы - лицензиар мен тауарлардың экспортты мен импорттына лицензия беру туралы шешімді келіседі;

барлық меншік нысанындағы емдеу-алдын алу үйимдарын аттестациялауға, сапаны бақылау, дәрілік заттар мен медициналық техниканы сертификаттау және

стандарттау органдарын, инспекциялық бақылау органдарын, медициналық және фармацевтикалық өнімдердің сапасын бақылау жөніндегі бақылау-талдау зертханаларын (орталықтарын) тіркеуге қатысады;

санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің республика аумағындағы санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық пен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық етеді;

республика аумағын карантинді ауруларды әкелу мен таратудан сақтауды, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шетелден сатып алынатын өнімдерді беру мен өткізуге санитарлық бақылауды ұйымдастырады;

республиканың ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінде санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қымылды ұйымдастырады, өзінің өкілеттіктерінің шегінде санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

фармацевтикалық қызметке, дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, жаңа дәрілік заттарды, иммундық-биологиялық препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техникаларды, емдеу-алдын алу тамақ өнімдерін сертификаттауды, сараптауды, оларды тіркеу мен Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес медициналық практикада қолдануға рұқсат беруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп медициналық және ғылыми мақсаттарға арналған есірткі заттарын өндіруді, өңдеуді, әкелуді, сақтауды, тасуды, сатуды, пайдалану мен жоюоды бақылайды, сондай-ақ занды тұлғаларға есірткі заттарын өндіру, өңдеу, әкелу, сақтау, тасу және сату құқығына занда белгіленген тәртіппен рұқсат береді;

дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техникалар бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың Мемлекеттік фармакопеясы мен Мемлекеттік тізілімін жасайды және жүргізеді;

республиканың аумағында меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар шығарған медициналық мақсаттағы жаңа бұйымдар мен техникаларға техникалық сынақтар жүргізуге қатысады, емдеу-алдын алу мекемелері мен халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі, сондай-ақ қаржыландырудың орталықтандырылған көздерінің есебінен сатып алынған және ізгілік көмектер желілері бойынша түскен дәрі-дәрмек құралдары ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады:

денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамытуға жағдай тудырады, қолданылып жүрген зандарда белгіленген тәртіpte тауарларды

(жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, азаматтардың денсаулығын сақтау саласында шетелдік несиelerді, гранттарды, инвестицияларды тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныс енгізеді;

халықтың денсаулығының жай-күйіне талдау жасайды, медициналық-статистикалық және ғылыми-медициналық ақпараттың бірынғай жүйесін ұйымдастыру есептеу-есеп беру құжаттамасын жетілдіру жөніндегі шараларды жүргізеді;

өз қызметі саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобасын әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар мен келісімдер жасасқан шетел мемлекеттерімен, Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдармен ақпарат және мамандар алмасуды ұйымдастырады;

өз құзыретінің шегінде Комитетке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14. Комитет жүктеген міндеттерді жүзеге асыруы және өзінің функцияларын орындауы кезінде:

азаматтардың денсаулығын сақтау және халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында бірынғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыруға;

атқару үшін міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан ақпарат сұратуға және алуға, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс енгізуге;

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыруға және санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді, нормалар мен гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін занда белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

белгіленген тәртіппен занды және жеке тұлғалардың фармацевтикалық қызметіне, сондай-ақ дәрілік заттардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасына және олардың Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сертификатына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

респубикалық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларын, мемлекеттік СЭС-тің мемлекеттік бас дәрігерлерін қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

аумақтық денсаулық сақтау органдарының басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім беруге;

Комитет қызметінің бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші және

сараптау органдары ретінде кеңестер мен комитеттер құруға және олар туралы ережелерді бекітуге, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттардың қалыптастырылуы мен пайдаланылуының дүрыстығына, тиімділігіне тексеру жүргізу;

міндепті медициналық сақтандыру бойынша шығындарды өтеуге арналған Міндепті медициналық сақтандыру қоры қаражатының мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге, қолданылып жүрген зандарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға құқығы бар.

IV. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Комитеттің аумақтық органдарының басшыларын Комитетпен келісім бойынша облыстардың, Алматы және Ақмола қалаларының әкімдері тағайындаиды.

16. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері басқарады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері лауазымы бойынша Комитет төрағасының орынбасары болып табылады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндептердің орындалуы және өз жұмысының жүзеге асырылуы үшін жеке жауап береді.

Комитеттің төрағасы Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің Міндепті медициналық сақтандыру қоры Дирекциясының қызметін жалпы үйлестіруді және оған басшылық жасауды жүзеге асырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.09.21. N 929 қаулысымен.

P980929_

18. Осы мақсаттарда Комитет төрағасы:

Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындаиды және қызметтен

босатады;

Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін мемлекеттік санитарлық

қызмет туралы ережеден басқа, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

белгіленген құрылым, адам саны мен еңбекақы қоры шектерінде Комитеттің штат кестесін бекітеді;

тәртіптік жазалар мен ынталандыру шараларын қолданады;

өз құзыретінің шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, ережелерді, тәртіптерді нұсқаулықтар мен өзге де нормативтік актілерді бекітеді;

қолданылып жүрген зандарға сәйкес мемлекеттік органдар мен үйымдарда Комитетті білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

V. Комитетті тарату және қайта үйымдастыру

19. Комитет занда белгіленген тәртіппен қайта үйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 24 сәуірдегі
N 384 Қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Емдеу-алдын алу мекемелерінің қызметін үйлестіру және денсаулық сақтауды реформалау басқармасы

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық және фармацевтика өнеркәсібін дамыту басқармасы

Денсаулық сақтау экономикасы, медициналық ғылымдар және ресурстық қамтамасыз ету басқармасы

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет басқармасы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 24 сәуірдегі
N 384 Қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау
комитетінің қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

1. Ақмола мемлекеттік медициналық академиясы
2. Ақмола жол санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
3. N 2 Ақмола медициналық колледжі
4. Ақтөбе мемлекеттік медициналық академиясы
5. Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институты
6. Батыс Қазақстан жол санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
7. Қазақ мемлекеттік медициналық университеті
8. Қазақ республикалық лепрозорий
9. Қазақ туберкулез ғылыми-зерттеу институты Ақмола қаласындағы филиалмен
10. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты
Ақмола қаласындағы филиалымен
11. Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты Ақмола қаласындағы филиалымен
12. Қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институты Ақмола қаласындағы филиалымен
13. Қарағанды қаласындағы кәсіби аурулар клиникасы
14. Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясы
15. Қазақстанның медицина және денсаулық сақтау тарихы мұражайы
16. Обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты Ақмола қаласындағы филиалымен
17. Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығы
18. Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы
19. Академик Б.О.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы
Ақмола қаласындағы және Қызылорда қаласындағы филиалдарымен

20. Н.А.Сызганов атындағы хирургия ғылыми орталығы Ақмола қаласындағы филиалымен
21. Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты Ақмола қаласындағы филиалымен
22. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы Ақмола қаласындағы және Қызылорда қаласындағы филиалдарымен
23. Семей қаласындағы Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты
24. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы
25. Атырау обаға қарсы станциясы
26. Арал теңізі обаға қарсы станциясы
27. Ақтөбе обаға қарсы станциясы
28. Орал обаға қарсы станциясы
29. Талдықорған обаға қарсы станциясы
30. Маңғыстау обаға қарсы станциясы
31. Қызылорда обаға қарсы станциясы
32. Шымкент обаға қарсы станциясы
33. "Здравоохранение Казахстана" журналының редакциясы
34. "Денсаулық" журналының редакциясы
35. "Шығыс және қазіргі заман медицинасы орталығы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
36. Отан соғысы мүгедектерінің республикалық клиникалық госпиталі
37. Республикалық клиникалық психиатриялық аурухана
38. Республикалық психиатриялық қатаң бақылау ауруханасы
39. "Ақсай" республикалық балалар ауруханасы
40. "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы
41. Республикалық емхана Ақмола қаласындағы филиалымен
42. Республикалық қан орталығы
43. Республикалық балалар сауықтыру-оңалту орталығы
44. "Бурабай" республикалық балалар туберкулез санаторийі
45. "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі
46. "Алатау" республикалық балалар санаторийі
47. Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
48. "Стоматология" республикалық ғылыми-клиникалық орталығы
49. Республикалық ғылыми-медицинскаялық кітапхана
50. Республикалық оқу-әдістемелік орталығы
51. "Дезинфекция" республикалық бірлестігі" республикалық

- мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
52. "Республикалық сауда-жабдықтау бірлестігі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
53. "Республикалық клиникалық психиатриялық аурухананың жанындағы емдеу-өндірістік шеберханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
54. "Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық аурухананың жанындағы емдеу-еңбек шеберханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
55. "Дәрі-дәрмек" дәрі-дәрмек құралдары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
56. Орта медициналық және фармацевтік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі республикалық колледж
57. Республикалық дәрігерлік-дене тәрбиесі диспансери
58. Республикалық сот медицинасы орталығы
59. СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық
60. Арнаулы медициналық қамтамасыз ету республикалық орталығы
61. Ана мен баланың денсаулығын қорғау республикалық ғылыми-зерттеу орталығы Ақмола қаласындағы филиалымен
62. Естуді түзеу республикалық орталығы
63. Әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық станция
64. Семей мемлекеттік медициналық академиясы
65. Апаттар медицинасы орталығы
66. Орталық жол санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
67. Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы
68. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясы